

**БҮЙРЫҚ**  
**2023 жылғы 31 тамыз**  
**Астана қаласы**

**ПРИКАЗ**  
**№ 105**  
**город Астана**

**«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»  
жұмысын ұйымдастыру,  
қызметін жүзеге асыру туралы»**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру үйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын, Білім басқармасының бүйрығын басшылыққа ала отырып,

**БҮЙЫРАМЫН:**


1. 2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымда «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (әрі қарай Орталық) жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Төмендегі функционалды міндеттермен қоса мектепке дейінгі ұйымның ішкі тәртібі бекітілсін:
3. Орталық қызметіне басшылық жасау және бақылау балабақша менгерушісіне жүктелсін;
4. Әдіскерге: ата-аналар, білім алушылар мен педагогтердің мониторингке қатысуын қамтамасыз ету; Орталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақытылы жеткізу жүктелсін;
5. Менгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына: Орталық қызметін ұйымдастырудың оқу кабинеттерін педагогтерге бекіту, ата-аналармен сабак өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшету, сабак өтуі барысында санитарлық-гигиеналық талаптар мен балабақшаға бөгде адамдардың кірмеудің қамтамасыз ету жүктелсін;
6. Әдіскерге: педагогтер мен сынып тәрбиешілерге ата-аналармен сабак өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету жүктелсін.
1. Біліктілікті арттыру курсарынан өткен және шығармашыл педагогтер арасынан Орталық қызметін қамтамасыз ететін жұмыс тобы құрылып, күрамы бекітілсін.

2. 2023-2024 оқу жылына Орталық сабактарының бағдарламасында вариативті компонентті тандау мүмкіндігімен және ата-аналарға сабак беру бағдарламасының 20-30% әзірлемесі құрастырылып, контенттің мазмұнын сапалы құрылсын, педагогикалық кеңес отырысында бекітілсін.
3. Орталық жұмысы балабақшаның жылдық жоспарына «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметі негізінде балабақша мен отбасының өзара әрекеттесуі» жаңа бағыты енгізілсін.
4. Орталық қызметін балабақшайшлік бақылауға алу, балабақша ішлік бақылау жоспарының бөліміне, тармағына өзгерістер енгізу әдіскерге Ибраева Арай Дулатовнаға жүктелсін.
7. Педагогтерге ата-аналарға арналған сабак бағдарламасының вариативті компонентінің әзірлемесін құрастыруға әдістемелік қолдау көрсету әдіскер Ибраева Арай Дулатовнаға жүктелсін.
8. Орталықтың жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету, ата-аналар жиналыстарында Орталық жұмысының тәжірибесімен таныстыру топ тәрбиешілеріне жүктелсін.
9. Орталық қызметі туралы БАҚ мен әлеуметтік желілерде, балабақша сайтында жарияландырылған, бірлескен табысты тәжірибе таратылып, Орталық қызметіне балабақшаның өзін-өзі басқару үйімі, қоғамдық үйімдар мен балабақшаның Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік серіктестер мен демеушілер тартылсын.
10. Балабақша әкімшілігі мен педагогикалық үжым ата-аналардың облыстық, республикалық форумында тәжірибе таратуға және Орталық қызметінің нәтижелігін арттыру бойынша жұмыстарға белсене қатыссын.
12. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

№36 «Балапан»  
балабақшасының менгерушісі м.а:

Таныстырылды:

Ибраева А.



У.Мукажанова